

**КЕЗЕКТЕН ТЫС ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ
№ 2 ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күні: 29.06.2026

Қатысқандар: 11

КҮН ТӘРТІБІ

1. Бөбекжайдың өзін-өзі бағалау жұмыстарының қорытындысы туралы.

ТЫҢДАЛДЫ

Бөбекжай директоры Утебаева Жамал

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз сөйледі. Бөбекжайда 2025–2026 оқу жылының 27 мамыр мен 27 маусым аралығында Қазақстан Республикасы Оқу ағарту Министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі №114-нқ «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» бұйрығы негізінде, білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттаудың өлшемшарттарына сәйкес өзін-өзі бағалау жұмыстарының өткізілгендігі туралы есеп берді.

Өзін-өзі бағалауды жүргізген комиссия құрамы:

1. Утебаева Жамал – директор, комиссия төрайымы;
2. Баянова Алмагуль – әдіскер, комиссия орынбасары;
3. Жаксылыкова Айгуль – тәрбиеші, комиссия мүшесі;
4. Жамишова Гүлжихан – психолог, комиссия мүшесі;
5. Ходжа-Ахметова Камшат – тәрбиеші, комиссия мүшесі;
6. Табылдиева Арай – есепші, комиссия мүшесі;
7. Аронқызы Құралай – медбике, комиссия мүшесі.

Аталған бұйрықтың әдістемелік нұсқаулығының 1, 2, 3, 4 – қосымшалары негізінде 2023–2024, 2024–2025, 2025–2026 оқу жылдарын қамти отырып, тиісті жұмыстардың толықтай жүргізілгендігін атап өтті.

Балабақша әдіскері Баянова Алмагуль:

Өзін-өзі бағалау қорытындысының негізгі көрсеткіштері мен талдау есебін таныстырып өтті.

ҚАУЛЫ

1. Өзін-өзі бағалау өлшемшарттарының 1-қосымшасына сәйкес бөбекжай жұмысы **108 баллмен «жақсы»** деп танылсын.
2. Өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша дайындалған тиісті құжаттар Маңғыстау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне белгіленген мерзімде жіберілсін.



Педагогикалық кеңестің төрағасы: Утебаева Жамал

Хатшы: Баянова Алмагуль